

Ақмола облысында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № А-3/178 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 3 сәуірде № 8906-03 болып тіркелді.

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Ақмола облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

М.Ахметжанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2025 жылғы 3 сәуірдегі
№ А-3/178 қаулысымен
бекітілген

Ақмола облысында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі

1. Ақмола облысында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі (бұдан әрі - әдістеме) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Ақмола облысының бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құны (бұдан әрі - көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдарының көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі үшін базалық баға осы әдістеменің қосымшасында айқындалған.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (ргісе) - қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

V_n - газетте орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V - газетте орналастырылатын, см²-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q - газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (ргісе) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

V_m – журналда орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – журналда орналастырылатын, см²-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = V_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін - 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам -1,4.

5. Телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv}=B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевидениеде орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевидениеде орналастырылатын, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі.

Егер өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевидениеде көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, телевидениеде көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны $P_r=B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны;

B_r – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын, көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Ақмола облысында
мемлекеттік ақпараттық
саясатты жүргізу жөніндегі
мемлекеттік тапсырысты
жүзеге асыру үшін сатып
алынатын көрсетілетін
қызметтердің құнын

Ақмола облысында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағалары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2025 № А-11/626 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Аумақтың атауы	2025 жыл (теңге)	2026 жыл (теңге)	2027 және кейінгі жылдар (теңге)
1.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Қазақстан Республикасы	650	650	650
2.	Ақмола облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газета) ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру қызметі (Bn)	Шаршы сантиметр	Ақмола облысы	520	550	600
	Көкшетау қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз					

3.	басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдард ы дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Көкшетау қаласы	168	168	168
4.	Степногорск қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдард ы дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Степногорск қаласы	140	150	160
5.	Қосшы қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдард ы дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Қосшы қаласы	225	235	245
6.	Ақкөл ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық	шаршы сантиметр	Ақкөл ауданы	126		144

	материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)				135	
7.	Аршалы ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Аршалы ауданы	145	155	165
8.	Атбасар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Атбасар ауданы	87	104	104
9.	Астрахан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Астрахан ауданы	98	112	126

10.	Бұланды ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Бұланды ауданы	70	90	100
11.	Біржан сал ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Біржан сал ауданы	90	100	110
12.	Бурабай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Бурабай ауданы	70	80	90
	Егіндікөл ауданының аумағында таратылатын мерзімді					

13.	баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Егіндікөл ауданы	180	198	218
14.	Есіл ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Есіл ауданы	80	85	90
15.	Ерейментау ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Ерейментау ауданы	120	128	137
16.	Жақсы ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет (шаршы сантиметр	Жақсы ауданы	85		95

	ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)				90	
17.	Жарқайың ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Жарқайың ауданы	150	195	253,5
18.	Зеренді ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Зеренді ауданы	130	140	150
19.	Қорғалжын ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау	шаршы сантиметр	Қорғалжын ауданы	90		120

	және орналастыру) (Bn)				110	
20.	Сандықтау ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Сандықтау ауданы	70	87	104
21.	Шортанды ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Шортанды ауданы	100	150	200
22.	Целиноград ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Целиноград ауданы	135	135	135
	Республикалық маңызы бар					

23.	мәселелерді жариялайтын интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Ві)	символ	Қазақстан Республикасы	200	225	250
24.	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жариялайтын интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Ві)	символ	Ақмола облысы	45	63	80
25.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевидение көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру) (сюжет) (Вtv)	минут	Қазақстан Республикасы	610 000	610 000	610 000
	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының					

26.	аумағында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы тарататын еркін қол жетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидение көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (сурдоаударманы ескеріп отырып сюжет) (Btv)	минут	Ақмола облысы	45 000	50 000	55 000
27.	Міндетті теле-, радиоарналардың (ақпараттық-талдау бағдарламасы) тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы тарататын еркін қол жетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидение көрсетілетін қызмет (ақпараттық	минут	Ақмола облысы	45 000		55 000

	материалдарды өндіру және орналастыру) (Btv)				50 000	
28.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы тарататын еркін қол жетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидение көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдар өндірісі) (деректі фильм) (Btv)	минут	Ақмола облысы	45 000	50 000	55 000
29.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы тарататын еркін қол жетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін	минут	Ақмола облысы	135 000		145 000

	телевидениед е көрсетілетін қызмет ((ақпараттық материалдар өндірісі) ((бейнеролик) ((Btv)				140 000	
30.	Міндетті теле- радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Жарқайың ауданының аумағында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы тарататын еркін қол жетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениед көрсетілетін қызмет ((ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (сюжет) (Btv)	минут	Жарқайың ауданы	9 200	9 200	9 200
31.	Ақмола облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет ((ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)	минут	Ақмола облысы	17 500	17 500	17 500
	Жарқайың ауданының					

32.	аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Вт)	минут	Жарқайың ауданы	4 270	4 270	4 270
-----	---	-------	-----------------	-------	-------	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК